


ТЕКСЕРІЛДІ:



26.12.2025ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 29.12 – 02.01. 2026 жыл (1-апта)

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 29.12	Сейсенбi 30.12	Сәрсенбi 31.01	Бейсенбi 01.01	Жұма 02.01
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Апта дәйексөзі «Талап бар жерде тәртiп бар» Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Бозінген» күйі https://zvyki.com/song/70145592/Elemes_Talabaj_-_Boz_ngen/ «Күй күмбірі» күй тыңдау</p>				
Сөздік минимум	Аю, түлкі, қасқыр, қоян		Қазір қыс мезгілі. Қар, аппақ		
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Мынау - қар» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән н дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Қыстық киімдер» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру;</p>		

	<p>оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Амандасу Ал, қане, балалар! Қане, маған қараңдар! Ал, қане, балалар! Амандасып алайық. Сәлем, сәлем, балақай! Сәлеметсіз бе, апай?! Сәлем, сәлем, балақай! Қол соғайық, алақай. Қазір қай мезгіл? Қыс мезгілі.</p> <p>Тыңда, қайтала. Суретпен жұмыс ҚЫС КЕЛДІ (бәрі бірге қайталайды) Қыс мезгілі келгенін қайдан білеміз? (Что можно наблюдать с наступлением зимы?) ҚАР ЖАУДЫ (бәрі бірге қайталайды). Қыста ауа райы қандай? (Какая погода зимой? Зимние изменения в природе?) КҮН АЯЗ (бәрі бірге қайталайды). КҮН СУЫҚ (бәрі бірге қайталайды). Қыста түн ұзақ. Қыста күн қысқа. Тілдік жаттығу Ыс-ыс-ыс келді қыс.</p>		<p>диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Балалар, қазір қай мезгіл? Қазір қыс мезгілі. Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс мезгілінде үш ай бар. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Далада не жатыр? Далада қар жатыр Қардың түсі қандай? Қар аппақ. Ауа райы қандай? КҮН АЯЗ. КҮН СУЫҚ. Қыс келгенде адамдардың өмір сүру жағдайы қалай өзгереді? (Как изменится жизнь людей когда приходит зима?) Адамдар жылы киінеді. Ия, балалар, біз бүгін қыстық киімдердің қазақша атауларын үйренеміз.</p> <p>Тыңда, қайтала. Суретпен жұмыс Құлақшын, күрте, қолғап, етік, пима.</p> <p>«Біреу және көп» ойыны Міндеті: зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру Құлақшындар, күртелер, қолғаптар, етіктер, пималар</p> <p>Түстерді еске түсірейік! «Түстер» додекаэдр әдісі бойынша</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>Ар-ар-ар жауды аппақ қар. Яз-яз-яз күн аяз. Ық-ық-ық күн суық. Ұз-ұз-ұз жерде мұз.</p> <p>Есте сақта! Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.</p> <p>Жұмбақ шешейік! Қыста ғана болады. Ұстасаң қолың тонады (қар) Бывает только зимой, когда держишь его, мерзнут руки (Снег).</p> <p>Қар — атмосферадан түсетін әр түрлі пішінді ұлпа мұз кристалдары түріндегі жауын-шашын. (Мелкие и хрупкие кристаллы заледеневшей воды – это снег). Қардың түрі өте көп. Қардың түсі қандай? Қар ақ, аппақ</p> <p>Тақпақ жаттайық Аппақ, аппақ, жапалақтап, Қар жауады тынбастан. Қалың орман қар жамылған Маужырайды түнгі аспан. Дидактикалық ойын: «Аққала құрастыру». Шарты: үстел үстінде аққаланың бөлшектеріне н құрастыру. Балалар, аққаланың көздері неден жасалған?</p>		<p>қайталау</p> <p>«Құлақшынды түсіне қарай ата» ойыны Міндеті: сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету Қызыл құлақшын Көк құлақшын Жасыл құлақшын Қоңыр құлақшын Есте сақта! Кигіземіз – одеваем «Қуыршақты киіндір» ойыны Мұғалім: Балалар, Маша қуыршағы далаға шыққысы келеді. Дала суық. Ол қалай киінетінін білмейді, сендер көмектесесіңдер ме? Басына құлақшын кигіземіз. Үстіне күртеше кигіземіз. Қолына қолғап кигіземіз. Оң аяғына етік, сол аяғына етік кигіземіз.</p> <p>Қимылды әрекет Киіну Аяқкиімінді ки, аяққа ки, аяққа ки, Аяқкиімінді ки, аяққа ки, аяққа ки. Аяқкиімінді ки, сыртқа кеттік, Тезірек, тезірек, тез, тезірек. Қорытынды: Қыстық киімдердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>		
--	---	--	--	--	--

Қара көмірден.
Мұрны неден?
Мұрны сәбізден.

Ән тыңдайық! «Аққала»

Қорытынды:

Қыс мезгіліне байланысты сөздердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.

Ересек топ

Тақырыбы:

«Жабайы аңдар»

Міндеттері:

қазақ тілінің төл дыбыстарын

дұрыс айту дағдыларын

қалыптастыру;

қарапайым сұрақтарға жауап

беруді үйрету;

қарапайым сөйлемдер құра

білуге үйрету.

Балалар, табиғатта қажет тамақтарын тауып, өздерін өздері асырайтын, жаулары мен ауа райы қолайсыздығынан өздері қорғанатын жануарларды қалай атаймыз?

Жабайы аң-құстар деп атаймыз

Олар қайда тұрады?

Орманда.

Солтүстікте.

Ыстық елдерде тұрады.

Адамдар қайда тұрады?

Біз үйде тұрамыз.

Балалар, қандай жабайы жануарларды білесіңдер?

	<p>Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі жабайы жануарлардың атауын білеміз және оны есте сақтаймыз.</p> <p>Суретпен жұмыс «Тында, қайтала»</p> <p>Мынау – аю. Мынау – тү-ү-үлкі. Мынау – қ-қ-қасқыр. Мынау – қ-қ-қоян. Мынау - кірпі</p> <p>Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс):</p> <p>Дидактикалық ойын «Бұл жабайы орман жануарлары» (суреттермен жұмыс)</p> <p>Бейнежазба көру «Жабайы аңдар»</p> <p>«Көлеңкесін тап» ойыны Балалар суретте бейнелеген жануарларды басқа жануарлар көлеңкесінен ажыратады, беттестіреді, атайды.</p> <p>Сұраққа жауап бер «Сен нені көрдің?»</p> <p>Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім.</p> <p>Үлгі бойынша айт Мен қоянды көрдім. Ол кішкентай. Оның түсі ақ.</p> <p>Қимылды әрекет Зообақ Зообаққа барамыз ақ аю сияқты жүземіз,</p>				
--	---	--	--	--	--

	<p>Зообакқа барамыз ақ аю сияқты жүземіз, Жүземіз, жүземіз, жүземіз. Зообакқа барамыз жануарлар сияқты билейміз, Зообакқа барамыз жануарлар сияқты билейміз.</p> <p>Қорытынды: жабайы жануарлардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Сұраққа жауап бер «Сен нені көрдің?» Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім. <u>Мектепалды топ</u> Жұмбақ шешейік! Қыста ғана болады. Ұстасаң қолың тонады (қар) Бывает только зимой, когда держишь его, мерзнут руки (Снег).</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Түстерді еске түсірейік! «Түстер» додекаэдр әдісі бойынша қайталау</p>		
		<p>«Бұл қандай аспап екенін тап» ойыны Шарты: балалар ұлттық аспаптардың дауысы бойынша қандай аспап екенін табады «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>			